

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Желілік қоғамдағы журналистиканың болашағы

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.10.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/144456/

Бүгінгі таңда адамзат жоғары ақпараттық технологияларғасырында өмір сүріп жатыр, сондықтан қоғамдық ақпараттандыру және хабардар ету күнделікті іс болыптабылады. Күн сайын көптеген жаңа ақпараттар алынады. Бұқаралық ақпарат құралдары саясаткерлердің, актерлердің, музыканттар мен режиссерлердің көптеген бейнелерін жасайды. Интернет өсіп келе жатқан кезде баспабасылымына қауіп төніп тұр. Қазір журналистер өз жұмыстарын қалайша тез тауып, миллиондаған халықнаразылығының ішінде мамандықты тірі сақтап қала алады? Жаңалықтар адамдармен бірге жылжиды, дамиды олардың барлығы сол мәдениетке тиесілі.

Қазіргі таңда журналистика сандық дәуірге толығымен өзгерді деп айта аламыз. Кешкі жаңалықтарды немесе таңғы газеттерді күтудің тіпті қажеті жоқ. Instagram, facebook желілерінен көптеген оқиғаларды көреміз және кез-келген уақытта жаңалықтар бөліміне қосыла аламыз, өйткені ондағы арналар 24/7 жұмыс жасайды. Бірақ журналистика қайда бара жатыр? Журналистиканың болашағы қандай? Қазіргі кезде халық ауыр, бірақ сонымен қатар ақпараттық заманда сүріп жатыр. Шындыққа келетін болсақ, 20 ғасырдың ескірген модельдері жойылды. Соңғы бірнеше жыл ішінде жаңалықтар әлеміндегі дау-дамайлар журналистиканы дүр сілкіндірді. Оның ішінде: жалған жаңалықтар соғысы, вирустың таралуы және сапалы мазмұнның қайта өрлеуі де бар. Журналистерге қандай жаңа дағдылар қажет? Журналистке тек сұхбат пен мақала жазу журналистикадағы мансап үшін жеткіліксіз. Сонымен қатар техникалық дағдылар өте маңызды. Қазіргі таңда журналистика мамандығы болашақ онлайн, яғни интернет журналистика мамандығына айналып бара жатыр. Әлемде интернет дамып, мәтіндер жазу қажеттілігі туындағаннан кейін лингвистер журналистиканың ерекше түрін, атап айтқанда интернет — журналистиканы айта бастады. Бұл кәсіппен барлық журналист мамандығы айналысуы міндетті емес. Қазіргі кезде адамдар қандай жаңалықтарға, ақпарат көздеріне көп қызығушылықтарын арттырады? Әрине, адамдар сән, спорт, өнер және ғылымға бөлінетін қызығушылықтарының орталығы болып табылатын нәрсені көп оқығысы келеді. Жаңалықтар мен жарнамаларға үзіліссіз тек қана қажетті ақпарат ағынын жүктеп отыру қажет. Ең маңызды аспект — болашақта

материалды ұсынусапасы.

Нұрлы болашақ — саясаткерлеріміздің, өнегелі өткендәуіріміз — тарихшылардың, ал бүгініміз — журналистердің қамқорлығында. Ел басшылары болашақты ойласа, өткенімізді көне тарих қойнауынан көреміз. Дегенмен, болашақта журналистика мамандығында сауатты, рухани дамыған адамдар басым болады деп үміттенеміз. Келешекте жаңа технологияларды қолдана отырып, «сөзбен емес, іспен дәлелдей» білетін нағыз шеберлер болады. Тек осы жағдайда ғана еліміздегі журналистика өркендеу мен прогрессті күтеді. Сондықтан әлемдік өркениет көшіне ілесіп қана қоймай, қазақ баспасөзін ғаламтор арқылы да дамыту қажет. Журналистиканың болашағын ашық түсті бояулармен елестетеміз, өйткені журналист-шындықтың қайнар көзі. Ал шындықсыз болашақ жоқ!

Гульнуз Жетписова

Алматы қаласы, Тұран университетінің 3 курс студенті

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.